



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаты
Б.К. Байахметовке

2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 16-13-13 Д/С

Құрметті Бақытжан Кәкенқажыұлы!

Сіздің бұрынғы Семей сынақ полигонының аумағын қауіпсіз күйге келтіруді және оның инфрақұрылымын дамытуды іс жүзінде іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына (бұдан әрі – СЯСП/Жоспар) 2022 – 2023 жылдарға жер учаскелерін шаруашылық айналымға берудің нақты мерзімдерін белгілеу бөлігінде өзгерістер енгізуге қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Жоспардың 6-тармағында 2030 жылға дейін жергілікті атқарушы органдарға СЯСП жерлерінің бір бөлігін шаруашылық айналымға беруді ескере отырып, оның жерлерінің және оған іргелес аумақты кешенді экологиялық зерттеу нәтижелері бойынша СЯСП шекараларын жаңарту көзделген.

2021 жылы бұрынғы СЯСП аумағын кешенді экологиялық зерттеу бойынша көпжылдық жұмыстар аяқталды.

СЯСП аумағын зерттеу радиоактивті ластанудың жергілікті сипатқа ие екендігі және бүкіл СЯСП аумағына таралмайтындығы туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар СЯСП-тан тыс жерлерде де қоршаған орта объектілеріндегі радионуклидтер мөлшері деңгейінің артуы байқалатынын атап көрсету қажет.

Зерттеу нәтижесінде радиоактивті заттардың ағымдағы және ықтимал таралуының негізгі жолдары мен тетіктері де анықталды.

СЯСП-тың анықталған шекаралары нақты радиоактивті ластануға сәйкес келмейтінін атап өткен жөн.

Энергетика министрлігі СЯСП аумағындағы ластанған аумақтардың ядролық және радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған кейінгі міндеттерді шешу үшін «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын (бұдан әрі – заң жобасы) әзірледі. Заң жобасы шеңберінде нормативтен артық ластанған жерлерді қамтитын СЯСП жерлерінде

ерекше құқықтық мәртебесі бар арнайы аймақ құру жоспарлануда. Қазіргі уақытта заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауында.

Аталған аймақтың шекарасы мен ауданын негіздейтін материалдарға мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізілгеннен кейін осы аймақтың шекаралары мен ауданы белгіленетін болады.

Сонымен қатар халық үшін радиациялық қауіп төндірмейтін СЯСП аумағының бір бөлігі босалқы жерлер санатынан шығарылып, шаруашылық айналымға берілуі мүмкін. Ядролық қауіпсіздік аймағы СЯСП-тың тарихи шекаралары шегінде болады. Заң жобасында СЯСП-тың тарихи шекарасынан тыс жатқан жекелеген аумақтарға кешенді экологиялық зерттеулер жүргізу көзделген.

Заң жобасы қабылданғаннан кейін СЯСП-тың кешенді экологиялық зерттеу материалдары белгіленген тәртіппен мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге жіберілетін болады, оның нәтижелері бойынша радиоактивті ластануға ұшырамаған СЯСП аумағының бір бөлігін шаруашылық айналымға беру мүмкіндігі айқындалады.

Осыған байланысты іс-шаралардың белгіленген мерзімдері осы міндетті жүйелі және дәйекті шешу қажеттілігіне байланысты анықталған.

Баяндалғанның негізінде жер учаскелерін шаруашылық айналымға беруді жоғарыда аталған Заңды қабылдағаннан кейін және мемлекеттік сараптамалардың нәтижелері бойынша жүзеге асыруды жөн деп пайымдаймыз.

Ә. Смайылов